

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРЛАРЫ ЖӘНЕ СІТІМ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Серия  
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

3.2003



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ  
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ  
3 (139)

МАМЫР – МАУСЫМ 2003  
МАЙ – ИЮНЬ 2003

З А Л  
периодики

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ  
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА  
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

АЛМАТЫ  
“Ғылым” ғылыми баспа орталығы

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық кітап-сы

1

*Б. С. ТОҚТАҒҰЛ*

## **ЖЫЛҚЫ ЖАСЫНА ҚАТЫСТЫ АТАУЛАР МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Тіл білімнің дербес бір саласы этнолингвистиканың өзіндік мәселелері, проблемалары туралы көрнекті тіл мамандары В. Гумбольдт, А. А. Потебня, Э. Сепир, О. Ахманова, Н. И. Толстой, Ә. Қайдаров, М. М. Копыленко, Е. Жанпейісов, тағы басқалардың зерттеу еңбектерінде аз айтылып жүрген жоқ.

Тіл білімінің тарихын зерттеушілер этнолингвистикалық зерттеулердің кейбір көріністерін XVIII ғасырда жазылған И. Г. Гердер, XIX ғасырдағы

В. Гумбольдт еңбектерінен көруге болатындығын айта келіп, әйтсе де этнолингвистика жаңа бағыт ретінде ХХ ғ. басында пайда болғандығын, оны граф ғалымдар Ф. Боас пен Э. Сепир аттарымен байланыстыра қарайды.

Этнолингвистиканың зерттеу объектісіне, әдісіне, оның шектес ғылым салаларымен қарым-қатынасына байланысты нәзік қыр-сырлары толық ашылып болды деп айтуға болмайды. Бұл төңіректегі пікір-таластар әлі де жалғасуда.

“Этнолингвистика” терминінің атауында-ақ көрініп тұрған (грекше *ethnos* – “халық” және латынша *lingua* – “тіл”) этнос пен тілдің бірлігі, олардың арасындағы табиғи тұтастық тіл білімінде оның ішінде түркітанымда тіл тарихы мен иесі халықтың этникалық тарихын ұштастыра отырып зерттеуді қажет етеді.

Этнолингвистиканың барлық тілдерге қатысты әмбебап ғылым екендігін кейінгі жылдардағы зерттеу еңбектерде көріне бастаған жалпы славян, роман, герман этнолингвистикасы сияқты топтарға бөліп қарастырудан да көруге болады. Бұлар сияқты түркі этнолингвистикасы да өз алдына зерттеу объектісі бола алатын үлкен бір сала. Өйткені, түркі халықтары өздерінің қалыптасу, құралу, өну-өсу дәуірінде ұзақ жылдар бойы экономикалық, шаруашылық, мәдени, саяси-әлеуметтік жағынан ұқсас жағдайда қатар дамыды.

Ал бүгінгі таңда ғылыми негізі жан-жақты қалыптаса бастаған қазақ этнолингвистикасы өзіндік ерекшелігімен, алдына қойған айқын мақсатымен таныла, нақтылана бастаған соны саланың бірі екендігі сөзсіз.

Қазақ топырағында этнолингвистиканың негізін салушы көрнекті ғалым, академик Ә. Қайдар “этнос”, “тіл” деген ауқымды, кең ұғымдарды нақтылап, “этнос болмысы”, “тіл әлемі” деген термин-ұғымдарды қолдана отырып [1; 10], этнос пен тіл сабақтастығын тіндестіре қарау арқылы үлкен идеографиялық классификация жасаса, осы бағытты бетке ұстап Ж. Манкеева, С. Сатенова, Б. Уызбаева, Қ. Ғабитханұлы, т. б. ғалымдар тілдік құбылыстың, тұрақты тіркестердің табиғатын халықтың дүниетанымына, ұлттық болмысына байланысты қарастырады.

Сондықтан бүгінгі таңда ғылыми негізі жан-жақты қалыптаса бастаған қазақ этнолингвистикасы өзіндік ерекшелігімен, алдына қойған айқын мақсатымен таныла, нақтылана бастаған соны саланың бірі екендігі даусыз.

Демек, халқымыздың жалпы рухани өмірін, сан ғасырлық тағылым жүйесін, ата салтын, асыл мұрасын, елдік қасиетінің болмысын сақтаған тіл қазынасын айқындауда, пайымдауда этнолингвистиканың мәні аса зор.

Тілді “Жүйелі құбылыс” деп тану жалпы тіл білімі өкілдерінің бәрі мойындаған ақиқат. Бірақ, әр тілдің ішкі құрылымындағы жүйелердің табиғаты толық зерттелінбегендіктен, кей мәселелер дау туғызады. Мәселен, қазақ тіл білімінде де лексика жүйелі құбылыс делінеді. Осы лексиканың барлық қат-қабаттарын бір жүйемен талдауға бола ма? Лексика элементтерін өзара қалай байланыстыруға болады? Лексика жалпы жүйелік заңдылықпен байланысады десек, кіші жүйенің элементтерімен басқа жүйе арақатынасы қандай? Тіпті тілдік деңгейлердің (ярустардың) өзара байланысы қалай жасалынады, заңдылықтары қандай болмақ?

Мәселен, сөз тобына топтастырғанда сөздердің мағынасына қарай, түрлену ерекшелігіне қарай, сөйлемдегі синтаксистік қызметіне қарай, тұлғасына қарай деп бірнеше жолмен топтастыру, немесе бірнешеуінің басын қосып топтастыру заңдылықтары, сөздердің өзара байланысуына тән өзіндік заңдылықтар бар. Осы заңдылықтар арасында байланыс бар ма? Жоқ, әлде олар байланыспай жеке-жеке жүйе жасай ма? Тіпті бір деңгейдегі (ярустағы) сөздер топтарының арасында байланыс бар ма? Егер болатын болса, ол қалай анықталмақ керек? Мысалы, *алыс, қашық, жырақ, ұзақ* синоним сөздері, олардың арасында байланыс барлығы анық. *Сұлу, әдемі, көрікті* сөздері өз алдына екінші бір синонимдік топ. Олардың арасында қандай байланыс бар? Мысалымызды семантикалық жақтан өте жақын сөздерден де алуымызға болады. Айталық, *ата* мен *ана*, *ұл* мен *қыз* деген сөздер арасында байланыс бар. Ал *жиен* мен *немере* дегеннің арасында қандай байланыс бар? *Құнан* мен *дөнен*, *құнажын* мен *дөнежін* сөздерінің арасында байланыс бар. Ал *құнажын* мен *атан* сөздерінің арасында қандай байланыс бар?

Этнос болмысы қамтитын сан алуан заттар мен құбылыстарға сырттай көз салсақ, алғашқыда оларға берілген атау әрқайсысы өзінше тұрған жүйесіз, шашыраңқы дүниедей көрінгенімен, зер сала қарағанда олардың шын мәнінде бірімен бірі жүйемен, табиғи болмысымен, мән-мағынасымен астасып жатқан тұтас, реттелген бір жүйе екендігін көруге болады. Әйтсе де, тіліміздегі сан мың атауды мынадан кейін мынау деп тізіп шығу мүмкін емес. Міне, осы орайда жүйелілік принципінен туындайтын тәсілдің бірі — объективті болмыстағы зат, құбылыс атауларының табиғатын мазмұн-мәніне, мағынасына, өзара байланысына, тақырып сәйкестігіне, бір-біріне қажеттілігіне қарай топтастыра зерттеу.

Әр халықтың асыл қазынасы — сөздік қорындағы жылдар бойы қатталған лексикалық байлықты түркітаным тарихында тематикалық топқа немесе лексика-семантикалық топтарға бөліп қарау өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарынан бастап қолданыла бастағанымен, бұлайша, жүйелеп топтастыра қарау дәстүрі шығыс әлемінде бұрыннан қолданылып келе жатқандығын көруге болады.

Тіл материалдарын топтастыра қараудың тамаша үлгілері ғұлама ғалым М. Қашқаридың “Дивану лұғат ат түрік” (XI ғ.) атты әйгілі еңбегінен бастау алған. Түрік жұртының тұңғыш энциклопедиялық анықтамалығы сынды бұл еңбекте түрік сахарасының жан-жануарлар дүниесі, өсімдіктер туралы, материалдық-мәдени заттары туралы, жер-су аттары туралы, аспан денелері, ғарыш әлеміне қатысты атаулар туралы, балалар ойындары, т. б. деп 30-ға жуық тақырыптық топтарға бөлінсе, “Кодекс-Куманикусте” (XIV ғ.) уақыт, мезгіл атауларына байланысты, құдайға және оның атына байланысты, бес сезім мүшелерінің атына байланысты, ауа райы мен аспан әлеміне байланысты, т. б. сөздер 40-қа жуық тақырыптық топтарға, осы ғасырда жазылған Абу-л-Лант ас Самаркандидың “Китаб Мукадима” (XIV ғ.) кітабындағы сөздер 17 семантикалық топтарға бөлініп берілген [2; 23]. XIV ғасырда жазылған “Китаб ат-тухфа аз закина фаллуға ат туркия” деген қолжазбасында *туба* (темя), *байни* (темя), *йалқа* немесе *чака* (пасча) (висок), *бурь* (нос), *кулаг* (ухо), *колтук* (подмышка), *бармак* (палец), сөздерін келтіріп, оларды дене атаулары; *боз* (белая, си-

вая), *қара* (вороная), *ала* (пегая) сөздерін жылқының түсін білдіретін сөздер; *йар* (земля), *арслан* (лев), *тавшан* (заяц), *из* (след), *итлаказ* (сорока), *анзат* атаулары: *тутурған* (рис), *бируч* (рис), *қатық* (кислое молоко) т. б. сөздерді; жер және жерге байланысты сөздерді бір топқа бөліп тамақ атаулар деп таңбалайды [2; 25].

Ата-бабаларымыздан мұра болған бұл дәстүр кейіннен де жалғасын тауып, жаңа сипатқа ие болып отыр.

Көрнекті тілшілер А. Тихонов бастаған бірнеше ғалымдар (ондай сөздік қазақ тілінде жасалынбаған) өзбек тіліндегі барлық сөздерді 16 топқа бөлген [3]. Орыс тілінде Н. И. Толстойдың басшылығымен шыққан этнолингвистикалық сөздікте жинақталған атаулар ботаника, география, халықтық астрономия, киімдер, тоқымашылық, т. б. деп 24 топқа бөліп қарастырылады [4].

Демек, халық қазынасының бүкіл болмысын сан қырынан нұрландырып көрсетудің жолы ретінде қалыптасқан бұл дәстүр бүгінгі этнолингвистикада да өз жалғасын табуда деген сөз. Бұл дәстүрлік сабақтастықты қазақ этнолингвистикасынан да көруге болады. Бірақ, жай ғана топтастыру ғана емес, сол топтарға бөлудің принциптерін жасау, қазақ ұлтының болмысындағы әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, дүниеге деген көзқарасын, бүкіл бітімі мен танымын көрсететін сол зат, құбылыс атауларының жүйелі заңдылығына сүйене отырып топтастыру қажет.

Этнолингвистикалық материалдарды топтастырудың принциптері туралы сөз еткен академик Ә. Қайдар соңғы жылдардағы зерттеу материалдарын “Адам”, “Қоғам”, “Табиғат” деген үш салаға жіктей келіп, оларға енетін макротоптар, микротоптар бар екендігін және макротоптар өзара “жүйелі қатысты принцип” негізінде, ал микротоптар “сатылы қатысты принцип” бойынша топтастырылатындығын айтады.

Төрт түліктің жасына қатысты атауларды да осы кіші топтардың бірі деп қарап, олардың арасындағы жүйелілікті ашу арқылы әр деңгейдің ішкі жүйесін, әрі қарай барлық тілдерге тән жүйеге шығуға болатындығына көз жеткіземіз.

Топ ішіндегі әр атауға этнос тұрғысынан мағыналық талдау жасау сол сөздің және сол сөз негізін жасайтын тілдің терең сырын, күдіретін, сан қырлы сиқырын сезіну деген сөз. Бұл — тілшілер алдында тұрған үлкен міндет.

Қазақ — ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық. Ғасырлар бойы қалыптасқан бай тәжірибесі бойынша олар малдың өрісін, тіршілік табиғатын, қадір-қасиетін әбден зерттеп білген. Қазақтың жерін малсыз елестету мүмкін емес. Сәлемдесуінің басы “Мал-жан аман бадан” басталуының өзі халық өмірінде малдың шешуші фактор, тіршілік көзі екендігін көрсетсе керек.

Кең сахарасында үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе, табын-табын сиыр, отар-отар қой өсірген халықтың төрт түлік кісе-киімі, ішсе-тамағы, шөлдесе-сусыны, жүрсе-көлігі, жатса-төсеніші болды. Демек, қазақтың бүкіл тіршілік көзі төрт түліктің өсімі мен одан алынатын өнім түрлеріне байланысты еді. Сондықтан халқымыз төрт түлікті аса қадірлеп, қасиет тұтып, оларды барынша дәріптеп, бүкіл өмір тіршілігінің қуанышы мен ренішін, өзіндік дүниетанымын, рухани мәдени-өмірін, әдет-ғұрпын со-

лармен байланыстырады. Мәселен, бауыр еті баласына “құлыным”, “ботам”, “қошақаным”, “қозым” деп мейірімі мен шапағатын төксе, “танакөз”, “ботакөз”, “құлын мүше” деп сұлуларын әспеттейді, “қара нар”, “жампоз”, “нарқасқа” деп жігіттерін мақтан тұтады.

Халық тілінің дамуы әр елдің ежелден айналысып келе жатқан кәсібі, шаруашылығымен байланысты болса, қазақтың бүкіл тіршілігіне тірек, өміріне өзек болған негізгі кәсібі – мал шаруашылығы, яғни төрт түлік малмен біте қайнасып жатқаны аян. Ендеше, сөздік қоры бай, татар ғалымы А. Саади айтқандай, “ең таза, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған тіл” (Тіл, әдебиет, язу әм олардың тарихи өсулері. Қазан, 1926. 86-бет), көрнекті этнограф, тарихшы ғалым А. Н. Бернштам “Сравнительные словари всех языков и наречий содержат слова киргизского, т. е. казахского языка” деп бағалаған (Социально-экономический строй орхоненнисейских тюрок VI–VII вв, М.; Л., 1946. С. 14) кемелді тілімізде төрт түлікке арналған атаулар, тұрақты тіркестер аз емес.

Сол төрт түліктің төресі – жылқы туралы сөз болса, көне гректер ойлап тапқан мифтік образ кентавр бейнесі көз алдымызға келеді. Көне дүниені зерттеп жүрген ғалымдар бұл бейнені гректер ежелгі түріктерге қарап отырып ойлап тапқан дейді. Ат үстінен түспеген түркілер көне гректерге ат үстінде ас ішіп, ат үстінде ұйықтайтын, атпен бірге жаратылғандай болып көрінуі әбден мүмкін.

Берірек келсек, В. В. Радлов “Жылқы қазақтар үшін малдың асыл тастай көркі, барлық сұлулық атаулының жиынтығы. Жылқыға деген қазақтардың ықыласын тіпті, олардың аталуынан-ақ көресің” деген болатын [4].

Сөз тарихы, мағынасы тіл тарихымен тығыз байланысты. Халық өмірінде, халық тұрмысында маңызы бар нәрсе сол халық тілінен де сүбелі орын алады. Мәселен, солтүстікте тұратын лопар халқының жері суық, айналасы мұз. Соған орай, оларда мұз түрін білдіретін 20-ға жуық сөз, суықтың қандайлық екендігін білдіретін 41 сөз бар екен.

Ал өмір бойы жанына төрт түлік малды, оның ішінде жылқыны серік еткен қазақтарда жылқы атаулары, оның жас мөлшеріне байланысты атаулар мен фразеологизмдердің басқа түркі тектес тілдердегі атаулардан көлемді, ерекше екендігі бірден көзге шалынады.

Жылқы малының жасына келер болсақ, малдың жасын айыру туралы да халықтық тәжірибеден бірер ауыз айта кеткеніміз жөн. Қазақ малдың жасын айырған кезде, жылқы мен қойдың жасын тісіне қарап ажыратады. Малдың жасын тісіне қарап анықтау – сүт тістерінің алмасуына және тұрақты тістерінің мөрінің қажалуына негізделеді. Жылқының күрек тістері 14-15 жасында тозады, ал қойдікі 7-8 жасында тозады. Уақтылы құлындап отырған жылқыны құлын санына жетілген кезеңінен, яғни 3-4 жасты қосып та есептейді.

Мал жөнінде лебіз білдіргенде қазақ шаруасының домбыраның құлақ күйіндей алғы сөзі “мал төлден өседі” деген нақылдан басталады.

Қай халық болса да мал өсімін төлден бастауы шәксіз. Бірақ, қазақтардың төлден бастап мал өсімін есептеуі өзгеден ерек, өзімізге ғана төн ерекшелік деуге болады.

Зерделі зерттеу, табанды еңбегінің арқасында тұтас бір елдің мерейін өсірген, өнерлі халықтың рухани дүниесін ғаламға айқара ашып, наси-

хаттаған, қазақ халқының қасиетін жанымен үкқан, нәсілі башқұрт ғұла-  
ма ғалым Ә. А. Диваев “Туркестанские ведомости” газетіндегі мақаласын-  
волости Абдулла Ниязов, человек весьма почтенный, по своему очень раз-  
витой, видевший на своем веку многое своего народа говорит, что казах  
тогда счастлив, когда обладает скотом, необходимым в обиходе степного  
хозяйства. Он весьма обстоятельно рассматривает каждую породу скота с  
которым приходится иметь дело казаху; описывает жизнь этих животных  
от рождения до смерти, уход за ними, наконец, ту пользу, которую извле-  
кает казах от той или другой породы скота”, — дейді.

Мәселен, қазақ шаруасы *құлыншақ, құлын, жабағы, тай, құнан, донен,*  
*бесті* деп тек жылқының төлін жеті түрлі атағанда, ол әлі алты жасқа  
толар-толмас 65-70 ай көлемі ғана.

Жылқы жасы орташа шамамен 20 жыл десек, “бірге өскен бала күннен  
*құлын, тайым*” (І. Ж.) деп, асыл арманына балап, жылқыны өлеңге қосқан  
халық оның өсу үрдісін әдбен қадағалап, жіпке тізген маржандай санаумен  
болған. Бұл тұста мүшелдеп емес, маусымдап, кезеңдеп өлшеп отырғанды-  
ғына қарасақ, тек жылқының жас мөлшеріне байланысты атаулардың қан-  
шалықты екендігін көз алдымызға елестетуімізге әбден болады.

Атты темірге ауыстырған көшпелілердің ұрпағы — біздер, қазақтар, сол  
өзін өрге сүйреген, жығылса жалын төсеген жылқы меселін қайтару арқы-  
лы талай құндылығымыздан айрылып отырмыз десек, сол құндылықтың  
бірі — малдың жас мөлшерлік атауларын құрайтын лексикалық қабат.

Енді сол түліктің төліне келелік, жаңа туған төл — *құлыншақ* аталады.  
Бұл туғаннан бастап желіге байлағанға дейінгі бір, біржарым айлық кезең.  
Құлыншақты желіге байлаудың екі шарты бар; бірі — *қарақұлақ болу*,  
екіншісі — *өркен тастау*. Қарақұлақ болудың мәнісі құлыншақ құлағы-  
ның ішкі жүні сары мамық сияқты болады да, тарала келе сол жүнді қара  
қылшық басады, бұл — марқаю нышаны, құлындық кезеңге жеткендігі,  
яғни байларманға көнбістігі.

Ал “өркен тастауға” келсек, өркен — құлыншақтың ішінен түсетін ал-  
ғашқы тоңғақ. Желіні сабасына келген саумалды мама биенің құлыншағы  
уызға бөгіп, өркенін ерте тастайды. Өркені түскен құлынды кәнігі,  
тәжірибелі малшы тапжылтпай таниды. Өркені өсіп (пісіп) түскен құлын-  
ның жүні жылтыр, көз жанары нұрлы, қабағы ашық, қимылы ойнақы  
болады. Үлкеннің кішіге “өркенің өскір” деп берер батасының, ізгі тілегінің  
түп төркіні сонда.

Көз жанары кіреукеленіп, жүні іріңкі, қабағы солғын, қимылы сыл-  
быр болса, өркені түспегені, мұндай құлынды желіге байламайды. Оны  
қазақ “өркені қатқан” дейді. Өркен көбінесе қулық бие төлінде болады.  
Өйткені қулықтың желіні сабасына түсіп, уызы молыққанша біраз уақыт  
өтеді.

Жылқы төлі 1—1,5 айлық құлыншақтық кезеңнен өткеннен кейін бай-  
ларманға келіп, *құлын* аталады. Яғни, құлынның желіге байланған кезінен  
басталып алты айға дейінгі кезеңі.

Бие сауу маусымы *биебау* деп аталады. Биебауда байланған құлын  
сүмбіле салқыны түсе ағытылып, қысқы бағымға көнбісті бола бастайды.  
Бұл шілде шыққан кез. Мысалы: *Сүмбіле түссе сүмпиіп, семіреп құлын*

бұлтып. *Бие қоста жүріп терлесе, құлын босқа жүріп терлейді. Тұлпар болар құлынның мүшесінен танырсың. Жылқы құлыннан көбейер, ақша тиыннан көбейер* (мақал-мәтел, нақылдар). Тағы да А. М. Щербакқа жүгінсек, “слова кулун — жеребенок в любом возрасте до года” деп көрсетеді [5; 90].

Сөздің жасалу, шығу тегі туралы пікір, көзқарастарға келетін болсақ Ғ. Мұсабаевтың айтуынша, “Құлынның жас кезіндегі мүше бітімі, жал-құйрығы, сыртқы мүсіні құланға ұқсайды”. Олай болса, “құлан” сөзі айтыла келе “құлын” болып өзгеріп кеткен, ал “құлан” — “қол”, “аң” деген екі сөзден біріккен түбір [6; 62].

“Құлын” сөзі кулун формасында М. Қашқари сөздігінде кездеседі. Толум анутса, кулун булур (кім қару сайласа, құлынды өзі тауып алар-ды) [7; 46]. Адам аттарының құрамында да кездеседі: кулун-қара. Ерін үндестігі қатаң сақталатын орта ғасыр түркі тайпаларының тілінде жылқының баласын “кулун” атайтынын жазады.

К. Новикованың салыстыруынша Алтай тілдерінде (түркі, монғол, тұңғыс-манчұр) басқа да жануарлар төл атауының түп төркіні бір негізге саятындығын, монғол тіліндегі *унугун* — “лақ”, татар диалектісіндегі *оно-гене* — “күшік”, сахаша *ужугас* — “балғын”, жас күшік, саха тіліндегі *ун / он* түбірі — “өсу”, “жетілу”, дегенді білдіреді. Бұл атаулардың монғол, тұңғыс-манчжур тілдеріне ортақ ататілдік тұрпаты *упакан//упакан* деп көрсетеді [7; 117].

Осы тақырыпта қорғалған “Қазақ тіліндегі жануарлар төлі атауы” атты ғылыми еңбегінде Р. Панзарбекова қазақ тіліндегі *қошақан, балақан, ботақан, өс, өсіп-өну, жан-жануар төлінің өсуі, жетілуі* деген мағыналарды жалпы алтайлық он (*un*) түбір морфемасының мағынасымен мәндестіреді. Яғни, *qulun* сөзінің *qul, qol* деген ататілдік тұлғасы монғол, тұңғыс-манжур тілдеріндегі *on/un* тұлғаларымен ортақ бір семантикаға саяды деген пікір айтады [8; 11].

Алайда, бұл пікірмен келісу қиын. Түркі тілдеріндегі “құлын” сөзінің пайда болуына араб, парсы тілдері былай тұрсын, монғол тобындағы тілдердің де қатысы, әсері жоқ деуге болады. Бұл тілдердегі осы ұғымды білдіретін сөз құрылымы мүлде бөлек. Мәселен, араб тілінде “құлын” атауы “филев”, “мүһер” [9; 781], парсыларда “коррээсб” [10; 323].

Ал, қазіргі түркі тілдерінде: қырғыз тілінде — “кулун”, чуваштарда — “хам”, сахаша — “кулун”, ұйғырларда — “кулун”.

Ертедегі жазба ескерткіштерде де қазіргі біршама түркі тілдеріндегі айтылуына сәйкес екендігін жоғарыда айттық.

Сондықтан меншікті сөздің төркінін де түркі тілдерінен іздестірген жөн. Саха тіліндегі мына бір екі сөздің мағынасына назар аударсақ, “құлан” тұлғалы сөз — шапшаң, жалынды, ойнақы мағыналарында айтылады екен де (ЯРС, 186) “холуон” сөзі дәл осы ұғымда қолданылады. Осы сөз мағыналарына ден қоюға болады. Өйткені, жан-жануарлар әдетте өз атауын түсіне, іс-әрекет, бітім-болмысына байланысты алады. Мысалы, аққу — түсі ақ құс, сол сияқты жылқы төлі де “құлын” атауын бойындағы шапшандық, ойнақылық тәрізді қасиеттерге байланысты болуы әбден мүмкін. Мысалы: *Бие қоста жүріп терлесе, құлын босқа жүріп терлейді. Кішкентай гана құлыншак, уыз еміп қырда оскен (Ж. С.). Құлыншағым, құндызым, құлдырайды, шабады (Ә. Т.).*

Ал, жылқы атаулары ұйтқы болған тұрақты тіркестер де басқа мал атауларына қарағанда мол. Мысалы: *ат раңын алды, атқа қонды, жылқы мінезді, құнанын құдайындай, тайын тәңіріндей көру, тай жарыс, құнан қымыз, құлындағы сақауын, құнандағы тісеуін айту*, т. б.

Тіркес құрамындағы *раң, раңдату* сөзінің (ат раңын алды) немесе сақау, тісеу (құлындағы сақауын, құнандағы тісеуін) сөздерінің қазақ бола тұрса да екінің бірі түсіне бермейтіндігі мәлім. Мәселен, “*раң*” көктем туа сәуір айында шығатын көк. Ерте көктемде шығып, аз уақыттан соң қурап қалатын өсімдік [11; 127]. Қыс қыспағынан тарылып шыққан мал үшін жент десе де болғандай. Сондықтан қазақ “*ат раңдап, ер тыраңдап*” деп малдың да, жанның да арқа-жарқа шағын суреттейді. Ал “*сақау*” – ауру. Әсіресе құнарсыз от жеген, әлсіз құлындарға жұққыш келетін ауру түрі. Мұндай аурумен ауырған құлынның тамағы безденіп, іріндейді, сонан соң жарылады. Аурудың салдары тамаққа әсер етіп, өсе келе кісінегенде дауысы қарлығып шығады. “*Құлындағы сақау – құнандағы ақау*” деген сөз төркіні содан қалған.

Міне, мақаламызда сөз етіп отырған “*өркен*”, “*қарақұлақ*”, “*құлыншақ*”, “*құлын*” атаулары төлінің жаңа туғанынан бастап, алты айлық кезеңіндегі мерзімге ғана қатысты, ал “*раң*”, “*сақау*” тұрақты тіркес құрамында сөз болып отыр. Осылай ұмыт болған тілдік факті, деректердің ізіне түсіп, әр атаудың түп-тамырын туындата іздей берсек, қаншама қазынаға қол жеткіземіз. Ал бұған тілдің лексика-семантикалық қорын сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да байытып жатқан туынды мағыналық бірліктерді қоссақ, қазақ этнолингвистиканың алдында тұрған міндеттердің молдығына көз жеткіземіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998. 19-б.
2. Боранбаев С. Е. Ескі қыпшақ тілдеріндегі есімдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу /Арабша-қыпшақша сөздік бойынша XIV ғ: Канд. дисс, қолжазба. Алматы, 1999.
3. Тихонов А. Н., Тихонова М. Ю., Катанов Н., Емельянова С. А. Русско-узбекский тематический словарь. Ташкент, 1975.
4. Радлов В. В. Қазақтың малдары //Этнографиялық журнал. 1881 //Жалын, 1989.
5. Щербак А. М. Название домашних и диких животных //Историческое развитие лексики тюркских языков. М., 1961.
6. Кеңесбаев І., Мұсабаев С. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы, 62-б.
7. Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков. Алматы, 72. С. 117–118.
8. Панзарбекова Р. З. Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауы: Автореферат. Алматы, 19989. 11-б.
9. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1997. 127-б.
10. Ермеков Ә. Қазақтың малшылық лексикасы. Алматы, 1962.
11. Этнолингвистический словарь славянских древностей. М.; Наука, 1996. Т. 1.